

# Оқиға болған жерді қарау тактикасы

Дайындаған: 5-взвод  
тындаушысы Аманжан Б.Б.

# Сұрақтар:

- 1. Оқиға болған жердің түсінігі және мақсаты. Оқиға болған жерді қарауды реттейтін нормативтік актілер.
- 2. Оқиға болаған жерді қараудағы жалпы ережесі. ОБЖ кезеңдері. Қараудың нәтижесі. ОБЖ қатысушылардын әректі және міндетті.

# ОБЖ қарау түсінігі

- ОБЖ қарау деп тергеу кезінде оқиға жағдайын анықтауға маңызы бар қылмыс іздері мен басқа мәліметерді сондай-ақ ОБЖ жағдайын мақсатты түрде тез арада қарастырып, зерттеп және бекітіп алуға бағыталған тергеу әрекеті болып табылады.

# ҚР ҚПК бойынша 219 бабы қараудын түрлері:

- - аумақтық жерді қарау
- - тұрғын жайларды қарау
- - заттарды қарау
- - құжаттарды қарау
- - тірі адамды және мәйті қарау
- - жануарларды қарау

Оқиға болған жерді қарау үш кезеңнен  
құралады:

1. Дайындық кезеңі.
2. Жұмыс (зерттеу) кезеңі.
3. Қорытынды кезеңі.

Оқиға болған жерді қарауды бірнеше тәсілдермен өткізуге болады, ол қылмыстың болған жеріне де бойланысты болуы мүмкін.

1. Концентрлік тәсіл – шеттен отраға қарай қарау. Бұл тәсіл, қылмыс болған жер бөлме болса, немесе ғимаратта болса қолданылады.
2. Эксцентрлік тәсіл – ортадан шетке қарай қарау. Бұл тәсіл, қылмыс ашық далада болса қолданылады.
3. Фронталдық тәсіл – оқиға болған жерді секторларға не болмаса квадраттарға бөліп қарау.

Дайындық кезінде жүргізілетін шараларды екіге бөлуге болады. Біріншісі оқиға болған жерге бармай тұрып жүргізілетін шаралар, ал екіншісі оқиға болған жерде жұмыс кезеңіне дейін өткізілетін шаралар.

- Дайындық кезеңінің бірінші сатысында келесі шаралар жүргізіледі:
  - - оқиға болған жерді күзетудің мәселесін шешу;
  - - оқиға туралы хабар берген адамның аты-жөнін, тұратын жерін анықтау;
  - - жедел-ізвестіру тобын құрастыру;
  - - тергеу әрекетін өткізу үшін керекті техникалық құралдарды реттеу.

- Дайындық кезеңінің екінші сатысында келесі шаралар жүргізіледі:
- - жәбірленушіге көмек көрсету;
- - оқиға болған жерден бөтен адамдарды шығарып салу;
- - куәлерді (қалыс, понятой) шақыру;
- - жәбірленушіден не болмаса куәгерлерден оқиға болған жердегі өзгерістерді анықтау;
- - қарауға қатысушыларға олардың міндеттері түсіндіру;
- - кейбір кідіртпей өткізілетін шаралар (қылмыскерді ұстау, оқиға болған жерді қарауды өткізу үшін т.б. шаралар).



Жұмыс кезеңін де екіге бөледі, біріншісі жалпы қарау кезеңі, екіншісі деталды (жеке) қарау.

Бірінші – жалпы қарау кезінде тергеуші келесі мәселерді шешеді:

- оқиға болған жердің жалпы жағдайымен танысу;
- қараудың шекарасы анықталады;
- қараудың реттілігі;
- қарауды өткізу тәсілі;



Қорытынды кезеңінде - оқиға болған жерді қараудың барысы және оның нәтижесі бекітіледі. Хаттама толтырылады, керекті схемалар, сызбалар, жоспарлар жасалынады. Оқиға болған жерден алынған айғақты заттар және іздер оралып алынады. Оқиға болған жерді қарау барысында түсірілген фотосуреттер, фототаблица ретінде хаттамаға тіркеледі.

## Оқиға болған жерді қарау – тергеу әрекетіне қатысушылар:

- тергеуші не болмаса анықтаушы;
- криминалист;
- жедел-ізвестіру қызметкерлері;
- міндетті түрде 2 куә (қалыс, понятой);
- полиция қызметкерлері, оқиға болған жерді қарауылдау, тәртіп сақтау мақсатында қатысуы мүмкін;
- жәбірленуші, куәгер, күдікті және айыпталушы оқиға болған жерді қарау барысында тергеушіге көмектесіп қылмыстың болған жерін, қалған айғақты заттарды және іздерді табуға көмектессе қатысуы мүмкін;
- керек жағдайда тергеуші оқиға болған жерді қарауға маманды шақыруы да мүмкін;

